

**Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 446-V "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Құрманғазы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Құрманғазы ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 474-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 қаңтарда № 3418 болып тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 02.03.2015 № 516-V шешімімен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабын басшылыққа алып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 446-V "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Құрманғазы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3308 санымен тіркелген, 2015 жылғы 22 қазанда аудандық "Серпер" үнжариясында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

"базалық" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың XXXXIV  
сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Жүгінісов*

*Р. Сұлтанияев*